

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 54 (965) 15 желтоқсан 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1991 жылдың 16 желтоқсаны – еліміздің тарихына мәңгілікке енген күн. Нақты осы күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданды.

Еліміз өз аумағында биліктің барлық өкілеттілігіне ие, ішкі және сыртқы саясатты дербес анықтайтын және жүргізетін тәуелсіз демократиялық және құқықтық мемлекет мәртебесін заңды түрде рәсімдеу мүмкіндігіне ие болды.

Бұл мереке – азаттық туралы ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойғы армандарының жүзеге асқанының белгісі. Тәуелсіздік күні – ортақ мақсат жолындағы ұлттардың ұйысуының, халқымыздың бірлігінің символы. Еліміз бен оның тұрғындары үшін бұл – ерекше мереке, өйткені егемен ел болмай күшті мемлекетке айналу мүмкін емес еді.

Біз бұл күні бостандық жолындағы күреске өзінің өмірін арнаған батырларымыздың рухына тағзым етеміз. Олардың Отанды қорғау жолындағы жанқиярлық ерліктері бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін өнеге.

Мемлекет болып қалыптасуымызға үлес қосқан ата-бабаларымыздың ерлігі мен қаһармандығының алдында басымызды иеміз. Біз оларды әрқашан жадымызда сақтауға тиіспіз.

Қымбатты жерлестер, Сіздерді мемлекеттік мерекемен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, жаңа жетістіктер, отбасыларыңызға игіліктер мен еліміздің одан әрі көркеюін тілеймін!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

ҚҰРМЕТТІ ЖЕРЛЕСТЕР!

16 желтоқсанда біз қоғамымыз үшін маңызды және айтулы даталардың бірі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін атап өтеміз.

Біз гүлденген, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуының бастауында тұрған жерлестерімізді, халық қаһармандарын еске алып, құрметтейміз. Біз оларға бейбітшілікте, береке мен келісімде өмір сүруге мүмкіндік бергені үшін алғыс айтамыз. Біз олардың тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет құру жолында туған еліміздің, Қазақстан жерінің игілігі жолындағы қажырлы, ұзақ мерзімді еңбегіне құрметпен қараймыз. Олар Қазақстанның егемендігі, халқының бостандығы үшін күресті, ал біздің міндетіміз – олардың қол жеткізген жетістіктерін сақтау және одан әрі дамыту.

Қазақстанның серпінді, табысты дамуы, сөзсіз, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған дұрыс әлеуметтік-экономикалық бағытты айғақтайды. Осыдан бір жыл бұрын сіз бен біз еліміздің болашағына ауқымды да елеулі өзгерістер енгізген, әділетті Қазақстанды құрудың берік іргетасын қалаған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жалпыхалықтық референдумның куәсі және қатысушылары болдық.

Әрқайсымыз Қазақстан Республикасының азаматтық міндеттерін қасиетті түрде құрметтейміз және қалтқысыз орындаймыз, мемлекетті одан әрі нығайтуға өзіміздің үлесімізді қосамыз.

Біз аға буынның ерен еңбегін ұмытпаймыз, одан әрі жалғастырамыз, олардың еліміздің егемендігі үшін жасаған істері мәңгі есімізде.

Қымбатты жерлестер, сіздерді еліміздің әр азаматы үшін айтулы – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын!

Еліміздің жалынды жастары бастарын бәйгеге тігіп, бодандық құрсауынан шығуға ұмтылған қыршын ерліктері бүгінгі Тәуелсіз еліміздің жарқын істерімен жалғасын табуда. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы мерекеде сіздерге игілік пен бақыт, бақ - дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Берік ӘЛЖАНОВ,
Тайынша ауданының әкімі.

16 желтоқсан. 1991 жыл. Бұл күн – халқымыздың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтеуі.

16 желтоқсан – алты Алаштың айбынын айғақтаған, ата-бабаларымыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген тәуелсіздік күні.

ТҰҒЫРЛЫ БОЛ, ТӘУЕЛСІЗДІК!



• Редактор бағанасы

ЕЛІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ – ЕҢ АЛДЫМЕН ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БАҚЫТЫ

Тәуелсіздік – ата-бабамыздың сан ғасыр бойы аңсаған арманына айналып, даналарымыздың үзілмес үміті мен талай батыр, жаужүрек, елін сүйген қайраткерлеріміздің осы жолда жанын пайда еткен қастерлі де қасиетті ұғым. Ел болып қалануды аңсаған халықтың арманы 1991 жылы жүзеге асып, тарих бетінде Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті пайда болды. Сол сәттен бастап, Қазақстан әлемдік тарих бетінде Тәуелсіз ел ретіндегі жаңа парақтарын бастады. Бүгінгі Қазақстан өзі орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіл әлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын елге айналды, ұлт пен ұлыстың бейбітшілік ордасы болып, толеранттылықтың ерекше үлгісін көрсете білді.

Ел Президенті Қ.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіздік – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес», - деді.

"Қазақстан" деген жалғыз ауыз сөздің құдіретін осы елде туып-өскен әрбір ұл-қыздарымыз сезінуі парыз. Бұл сөз бәріміздің қанымыз бен жанымыздың ажырамас бір құрамды бөлігі деп айтсам артық емес - деп ойлаймын. Талай ер жүрек азаматтарымыз бен ару апаларымыз тәуелсіздікке жету жолында жанын қиып, еліміз ешкімге тәуелді болмауы үшін қорғап қалды. Олар "Қазақстан" деген еліміздің өз басшысы болғанын қалады. Қайрат, Ләззат, Сабира, Ербол сынды аға-апаларымыз "Желтоқсан оқиғасына" қатысып, жазықсыз азапталып, жала жабылып, ызғарлы желтоқсанда мұз жастанып, жас өмірлері қиылды. Тәуелсіздікке еліміз қаншама қиындықпен жеткендігін, осындай аға-апаларымыздың ерлігінің, қайтпас қайсарлығының арқасы екендігін естен шығармауымыз керек. Олардың әрқашанда ерліктерін мақтан ете отырып тәуелсіз мемлекет екенімізді әлемге ерекше мақтанышпен айта алатын күнге жеттік. Қазіргі таңда Тәуелсіздік - барлығымыз үшін ерекше қасиетті ұғым! Татулық пен бірліктің күні. Еліміздің тәуелсіздігі — ең алдымен халқымыздың бақыты. Тәуелсіз еліміздің көркейіп, дамуына мен де аз болса да өз үлесімді қосқым келеді. Осы бағытта айтарым, тәуелсіздікпен қатар, біздің тіліміз де

тәуелсіз болуы керек. Адамзат мәдениетінің негізі – тілде! Кез келген ұлттың ең басты ерекшелігі – оның ана тілінде десек, ол - шындық. Ұлттың жаны мен жүрегі, ары мен ұяты, қазына – байлығы мен атақ – абыройы да тілге байланысты.. Дегенмен, тіл ұлттық мәдениеттің бастауы деп білгенімізбен, сол мәдениетіміз бен салт – дәстүрімізді қорғау үшін біздің алдымен тілімізді қорғауымыз қажеттігін әлі күнге дейін түгел түсініп болмаған сияқтымыз. Оған бірден бір дәлел сонау сексенінші жылдардағыдай, халқымыз кітапханадан шықпай қазақ тіліндегі кітаптарды оқуды әлдеқашан ұмытқан, тіпті ана тілінде шығатын газет – журналдарды қолға алып, бетін парақтап қарап та шықпайтыны, өкінішті. Облыс көлемінде қазақ газеттеріне жазылудан ең төменгі көрсеткіш біздің ауданда. Қазақ тілінде шығатын «Солтүстік Қазақстан» және аудандық «Тайынша таңы» газеттеріне деген халықтың, оның ішінде мемлекеттік қызметте жүрген қазақтың дейтін азаматтарымыздың, ардақты ұстаздарымыздың жазылмауын, өз ұлтына, қазақ тіліне деген құрметтің жоқтығы деп айтуға бола ма, әлде қалай екенін түсінбеймін. Биік -биік белестерді бағындыру – ол ең бірінші өз ұлтыңа, өз ана тіліңе деген құрметтен бастау алады емес пе! Менің өз жеке басым 18 жылдан бергі еңбегім мен алға қойған мақсатым – тіліме деген жанашырлық, туған тіліміздің де тәуелсіз болғаны, яғни тіліміз - жүрген ортамызда тәуелсіз болып, еркін сөйлесек деймін. Ана тіліміз жайылымда тұсалған аттай болса, өз басымыздың бостандығынан не пайда?! Бар мәселе – газетке жазылуда да емес, тілімізге деген құрметте екенін ұмытпайық! Сондықтан, туған тіліміздің тәуелсіз болуына ат салысып, тіліміздің келешегіне жол ашу – әр азаматтың перзенттік парызы, азаматтық міндетіне айналуы қажет десек, артық айтқандық емес. «Ана тілінің ауырталдығын арқалау дегеніміз – ананың ақ сүтін ақтаумен тең. Ана тілін білмеген – ана сүтін татпаған», - деп халқымыздың батыры Бауыржан Момышұлы бекер айтпаса керек. "Тәуелсіздік — елімнің ерлік жолы" - дегендей, тәуелсіздігімізді сақтап, тілімізді құрметтеп, онымен мақтануымыз керек. Ата-бабаларымыздың еңбегін бағалап, ұлы батырларымыздың өсиеттерін ешқашан да ұмытпауымыз керек! Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1-бабына және уақытша өтеулі жер пайдалану (шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес, 10 жыл мерзімге мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдеріне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша қайта конкурс өткізеді. «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ хабарлама (хабарландыру) алғаш жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткен соң қайта конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдауды бастайды. Осы конкурсқа қатысуға өтінімдер өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап

10 жұмыс күні ішінде қабылданады. 2024 жылғы 03 қаңтардан бастап 2024 жылғы 16 қаңтарды қоса алғанда дейінгі кезеңде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады. Қорытындылау күні конкурстың аяқталу күні болып саналады. Конкурс қорытындысы конкурсқа қатысуға өтінім беру мерзімі аяқталғаннан кейінгі күні өткізіледі.

Конкурстың өтетін орны және күні, уақыты: СҚО, Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 197, 3-қабат, отырыс залы мекенжайы бойынша Тайынша ауданы әкімдігінің ғимаратында 2024 жылдың 17 қаңтарда 10 сағат 00 минутта конкурстың қорытындылары шығарылады.

Конкурстың шарттары: Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім міндетті түрде тіркеу нөмірі беріліп және өтінім берушіге хабарлама беріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қағаз жеткізгіште немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің

– заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстың ұсынысы;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттемелер.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстың ұсыныста болу керек:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды,

фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Жер комиссиясы барлық өтінімдерді олардың сәйкестігі, толықтығы, есептеулерде қателердің, құжаттардағы барлық қолдардың болуы тұрғысынан зерделейді, сондай-ақ тұтастай ресімдеудің дұрыстығын тексереді, бизнес-жоспар бойынша, оның ішінде конкурстың ұсыныста көрсетілген инвестициялардың болжамды көлемі бойынша балл беру арқылы өтінімдерді бағалайды, салыстырады.

Баллдар міндеттемелердің мынадай өлшемшарттары бойынша беріледі: 1 гектарға салынатын инвестициялардың болжамды көлемі туралы, мың теңге:

- 1) суармалы емес егістікке: 50-ге дейін-1 балл;
- 50 – ден 70-ке дейін-5 балл;
- 70 – тен 90-ға дейін-10 балл;
- 90 – нан 110-ға дейін-15 балл;
- 110-20 балдан жоғары;
- 2) жайылымдық және шабындық жерлерге: 5 – 1 балға дейін;
- 5 – тен 10-ға дейін-5 балл;
- 10 – нан 20-ға дейін-10 балл;
- 20 – дан 30-ға дейін-15 балл;
- 30-20 балдан жоғары.

Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша 10 балл беру түрінде артықшылық беріледі. (Көрсетілген 10 баллды беру үшін қатысушыларға растайтын құжаттарды ұсыну қажет).

Конкурстың ұсынысы, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы конкурстық ұсынымды беру жағдайларынан басқа, нөмірленген беттерімен тігілген түрде «2024 жылдың 17 қаңтарға дейін ашылмасын» жазбасы көрсетілген, жабық конвертке ұсынылады.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінім талаптарға сәйкес келмесе, қабылдамай алып тастауға жатады.

Конкурсты өткізу тәртібі туралы мәліметтерді және қосымша ақпаратты Тайынша ауданы әкімінің www.tsh.sko.gov.kz «СҚО Тайынша ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ www.ozo-tsh.sko.gov.kz, сайтында немесе 8 (71536) 2-26-97, 2-21-85 тел. бойынша алуға болады.

Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі						
Жер учаскелерінің сипаттамасы						
Алқаптардың құрамы (суарылмалы емес)	Бонитет баллы	Жалпы алаңы, га	Топырақтардың сапалық сипаттамасы	Орналасқан жері	Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы	Сүмен қамтамасыз етілуі
№ 1 Лот						
Егістік-400 га, Табиғи жайылым. – 1 га, жолдар – 1 га	33	402	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 2 Лот						
Егістік – 416,8 га, жолдар – 0,9 га	24	417,7	Дала аймағы, топырақ түрі – – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 3 Лот						
Егістік – 232	31,3	232	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 4 Лот						
Егістік – 118,2, жолдар-0,4 га	31,6	118,6	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 5 Лот						
Егістік – 376 га, табиғи жайылым-3 га, жолдар- 1 га	35,5	380	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 6 Лот						
Егістік – 374га, табиғи жайылым-9 га, жолдар- 1 га	28,5	384	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 7 Лот						
Егістік -392,4 га, жолдар – 0,9 га	20,6	393,3	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 8 Лот						
Егістік – 72га, табиғи жайылым-0,8 га	27,2	72,8	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Алабота ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 9 Лот						
Егістік – 73га, жолдар-0,9 га	30,7	73,9	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ

№ 10 Лот						
Егістік-19,3	26,2	19,3	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
Лот № 11						
Егістік. – 27 га, жақсартылған жайылым. – 6 га, жолдар – 0,1 га	22,3	33,1	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 12 Лот						
Егістік-41 га, жолдар – 0,3 га,	32,2	41,3	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Амандық ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 13 Лот						
Егістік-37,7	42,3	37,7	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Тихоокеан ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 14 Лот						
Егістік-95 га	35,8	95	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Тихоокеан ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 15 Лот						
Егістік-99га, табиғи шабындық-4 га, жолдар – 0,5 га	54,4	103,5	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 16 Лот						
Егістік-44 га, Табиғи жайылым. – 58 га, жолдар – 1 га, езге-2 га	35,3	105	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Бар
№ 17 Лот						
Егістік-58 га жолдар – 2 га.	55,6	58,5	Дала аймағы, топырақ түрі – оңтүстік қара топырақ	Теңдік ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 18 Лот						
Егістік– 37 га, табиғи жайылым. – 2,6 га,	40,7	39,6	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Миронов ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ
№ 19 Лот						
Егістік-19 га, табиғи жайылым. – 10 га	45	29	Дала аймағы, топырақ түрі – кәдімгі қара топырақ	Большеизюм ауылдық округі	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы	Жоқ

